

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек көпші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 153-V Заңы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 5, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат;

адамның осындай рұқсатты алмай Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыруы —

Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Жұмыс беруші жеке тұлғаның үй шаруашылығында жұмыстар орындауға (қызметтер көрсетуге) еңбекші көшіп келушілерді ішкі істер органдары беретін тиісті рұқсатсыз тартуы немесе бір жұмыс беруші жеке тұлғаның бір мезгілде бестен көп еңбекші көшіп келушімен үй шаруашылығында жұмыстар орындау (қызметтер көрсету) бойынша еңбек шарттарын жасасуы отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

3) 543-баптың бірінші бөлігіндегі, екінші бөлігінің 2), 3) және 12) тармақшаларындағы «396 (бірінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «396 (бірінші, үшінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын ;

4) 550-баптың бірінші бөлігіндегі «396 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «396 (бірінші, екінші, үшінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 78, 81-құжаттар; № 16, 83-құжат) :

1) 2 6 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен шетелдік жұмыс күшін тартуға не шетелдік қызметкер жұмысқа орналасуға жергілікті атқарушы органның рұқсатын алғанға дейін, сондай-ақ еңбекші көшіп келушіге Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдары беретін рұқсатты алғанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді немесе ерекшеліктерді сақтамай, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын шетелдіктермен және азаматтығы жоқ адамдармен;»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Бір жұмыс беруші жеке тұлғаның бір мезгілде бестен көп еңбекші көшіп келушімен үй шаруашылығында жұмыстар орындау (қызметтер көрсету) бойынша еңбек шарттарын жасасуына жол берілмейді.»;

2) 29-баптың 1-тармағында:

2) тармақшаның бірінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы тармақтың 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында белгіленген жағдайларды қоспағанда, бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге жасалуы мүмкін.»;

«Осы тармақтың 2) тармақшасының екінші және үшінші бөліктерінің ережелері шетелдік жұмыс күшін тартуға, шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға жергілікті атқарушы органның рұқсаттары негізінде, сондай-ақ еңбекші көшіп келушіге ішкі істер органдары беретін рұқсат негізінде еңбек қызметін жүзеге асыратын тұлғаларға қолданылмайды.»;

5) тармақшадағы «уақытына жасалуы мүмкін.» деген сөздер «уақытына;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) шетелдік жұмыс күшін тартуға, шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға жергілікті атқарушы орган берген рұқсаттардың не ішкі істер органдары еңбекші көшіп келушіге берген рұқсаттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін мерзімдері шегінде жасалуы мүмкін.»;

3) 31-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) тұрғылықты не уақытша тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;»;

4) 214-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Үй қызметкерлері деп, егер жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) жұмыс берушінің және (немесе) жұмыс беруші үшін пайда алу мақсатында орындалмаса (көрсетілмесе), жұмыс беруші жеке тұлғаларда отбасының бір немесе бірнеше мүшесі жүргізетін үй шаруашылығындағы жұмыстарды орындайтын (қызметтер көрсететін) қызметкерлер танылады.».

3. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 2-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-

құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат, № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83 - құжат) :

1) 178-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер осы Кодекстің осы бабы мен 182 және 184-баптарында өзгеше белгіленбесе, төлем көзінен салық салынбайтын табыстар бойынша жеке табыс салығын есептеуді салық төлеуші, осы баптың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген салық төлеушілерді қоспағанда, салық кезеңі үшін төлем көзінен салық салынбайтын тиісті табыстың салық салынатын сомасына осы Кодекстің 158-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлемені қолдану жолымен дербес жүргізеді.»;

2) 184 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) осы тармақтың 3-1) тармақшасында көзделген табыстарды қоспағанда, үй қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған еңбек шарттары бойынша алынған табыстары;»; мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) Қазақстан Республикасының резиденттері-үй қызметкерлері болып табылатын еңбекші көшіп келушілердің еңбекші көшіп келушіге берілген рұқсаттың негізінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған еңбек шарттары бойынша алынған (алынуға жататын) табыстары;»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Қазақстан Республикасының резиденттері-үй қызметкерлері болып табылатын еңбекші көшіп келушілер осы баптың 1-тармағының 3-1) тармақшасында көрсетілген табыстар бойынша салық кезеңінің ішінде жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төлеуді жүргізеді.

Жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінде Қазақстан Республикасының резиденті-үй қызметкері болып табылатын еңбекші көшіп келушінің еңбекші көшіп келушіге рұқсатты алуға (ұзартуға) арналған өтінішінде көрсеткен тиісті кезеңнің жұмыстарын орындаудың (қызметтерін көрсетудің) әрбір айы үшін есептеледі.

Жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төлеуді Қазақстан Республикасының резиденті-үй қызметкері болып табылатын еңбекші көшіп келуші еңбекші көшіп келушіге рұқсатты алғанға (ұзартқанға) дейін болатын жері бойынша жүргізеді.

Осы баптың 1-тармағының 3-1) тармақшасында көрсетілген табыстар бойынша салық кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының резиденттері-үй

қызметкерлері болып табылатын еңбекші көшіп келушілер табыстың салық салынатын сомасына осы Кодекстің 158-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлемені қолдану жолымен жеке табыс салығының сомасын есептеуді жүргізеді.

Табыстың салық салынатын сомасы жұмыстарды орындаудан (қызметтер көрсетуден) алынған (алынуға жататын), республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған ең төменгі жалақы мөлшерінің еңбекші көшіп келушіге рұқсатта көрсетілген тиісті кезеңнің жұмыстарын орындаудың (қызметтерін көрсетудің) әрбір айы үшін есептелген сомасына азайтылған табыстар сомасы ретінде айқындалады.

Салық кезеңі ішінде бюджетке Қазақстан Республикасының резиденті-үй қызметкері болып табылатын еңбекші көшіп келуші төлеген алдын ала төлемдер сомасы есепті салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығын төлеу есебіне есепке ж а т қ ы з ы л а д ы .

Егер салық кезеңі ішінде жеке табыс салығы бойынша төленген алдын ала төлемдердің сомасы есепті салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығының сомасынан асып түскен жағдайда, мұндай асып түсу сомасы артық төленген жеке табыс салығының сомасы болып табылмайды және кері қайтарылмайды немесе есепке ж а т қ ы з ы л м а й д ы .

Егер салық кезеңі ішінде жеке табыс салығы бойынша төленген алдын ала төлемдердің сомасы есепті салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығының сомасынан аз болған жағдайда, жеке табыс салығын есептеу жеке табыс салығы бойынша декларацияда көрсетіледі және салық кезеңінің қорытындылары бойынша декларация бойынша жеке табыс салығын төлеуді Қазақстан Республикасының резиденті-үй қызметкері болып табылатын еңбекші көшіп келуші осы Кодекстің 186-бабының 2-тармағында көзделген жеке табыс салығы бойынша декларацияны табыс еткен мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, болатын жері бойынша ж ү з е г е а с ы р а д ы . » ;

3) 186-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«186-бап. Декларацияны табыс ету мерзімдері

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке табыс салығы бойынша декларация орналасқан (тұрғылықты) жеріндегі салық органына есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей табыс етіледі.

2. Осы Кодекстің 184-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасында көзделген табыстарды алған, Қазақстан Республикасының резиденттері-үй қызметкерлері болып табылатын еңбекші көшіп келушілер жеке табыс салығы бойынша декларацияны есепті

салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығының сомасы жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер сомасынан асып түскен жағдайда табыс етеді.

Осы Кодекстің 184-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасында көзделген табыстар бойынша жеке табыс салығы бойынша декларацияны Қазақстан Республикасының резиденттері-үй қызметкерлері болып табылатын еңбекші көшіп келушілер болатын жері бойынша салық органына есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан к е ш і к т і р м е й т а б ы с е т е д і .

Бұл ретте, осы Кодекстің 184-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасында көзделген табыстарды салық кезеңі ішінде алған Қазақстан Республикасының резиденті-үй қызметкері болып табылатын еңбекші көшіп келуші Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шыққан жағдайда, жеке табыс салығы бойынша декларация (декларациялар) осындай адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығатын күніне дейін т а б ы с е т і л е д і . » ;

4) 192-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:
«18-1) резидент емес-үй қызметкерлері болып табылатын еңбекші көшіп келушілердің еңбекші көшіп келушіге рұқсаттың негізінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған еңбек шарттары бойынша алынған (алынуға ж а т а т ы н) т а б ы с т а р ы ; » ;

5) 204-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«204-бап. Резидент емес жеке тұлғаның табыстарына
жекелеген жағдайларда салық салу тәртібі**

1. Осы баптың ережелері резидент емес жеке тұлғаның осы Кодекстің ережелеріне сәйкес салық агенттері болып табылмайтын тұлғалардан Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарына қолданылады.

2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, резидент емес жеке тұлғаның осы баптың 1-тармағында көрсетілген табыстарынан жеке табыс салығын есептеу салық шегерімдері жүзеге асырылмай, табыстың есептелген сомасына осы Кодекстің 194-бабында белгіленген мөлшерлемені қолдану жолымен жүргізіледі.

3. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, жеке табыс салығын төлеуді резидент емес жеке тұлға салық кезеңі үшін жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей дербес жүргізеді.

4. Осы Кодекстің 192-бабы 1-тармағының 18-1) тармақшасында көрсетілген табыстар бойынша резидент емес-үй қызметкерлері болып табылатын еңбекші көшіп келушілер салық кезеңі ішінде жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер т ө л е у д і жү р г і з е д і .

Жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінде резидент емес-үй қызметкері болып табылатын еңбекші көшіп келушінің еңбекші көшіп келушіге рұқсатты алуға (ұзартуға)

арналған өтінішінде көрсеткен тиісті кезеңнің жұмыстарын орындаудың (қызметтерін көрсетудің) әрбір айы үшін есептеледі.

Жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төлеуді резидент емес-үй қызметкері болып табылатын еңбекші көшіп келуші еңбекші көшіп келушіге рұқсатты алғанға (ұзартқанға) дейін болатын жері бойынша жүргізеді.

Осы Кодекстің 192-бабы 1-тармағының 18-1) тармақшасында көрсетілген табыстар бойынша салық кезеңі аяқталғаннан кейін резидент емес-үй қызметкерлері болып табылатын еңбекші көшіп келушілер табыстың салық салынатын сомасына осы Кодекстің 158-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлемені қолдану жолымен жеке табыс салығының сомасын есептеуді жүргізеді.

Табыстың салық салынатын сомасы жұмыстарды орындаудан (қызметтер көрсетуден) алынған (алынуға жататын), республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған ең төменгі жалақы мөлшерінің еңбекші көшіп келушіге рұқсатта көрсетілген тиісті кезеңнің жұмыстарын орындаудың (қызметтерін көрсетудің) әрбір айы үшін есептелген сомасына азайтылған табыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Салық кезеңі ішінде бюджетке резидент емес-үй қызметкері болып табылатын еңбекші көшіп келуші төлеген алдын ала төлемдер сомасы салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығын төлеу есебіне есепке жатқызылады.

Егер салық кезеңі ішінде жеке табыс салығы бойынша төленген алдын ала төлемдердің сомасы есепті салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығының сомасынан асып түскен жағдайда, мұндай асып түсу сомасы артық төленген жеке табыс салығының сомасы болып табылмайды және кері қайтарылмайды немесе есепке ж а т қ ы з ы л м а й д ы .

Егер салық кезеңі ішінде жеке табыс салығы бойынша төленген алдын ала төлемдердің сомасы есепті салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығының сомасынан аз болған жағдайда, жеке табыс салығын есептеу жеке табыс салығы бойынша декларацияда көрсетіледі және салық кезеңінің қорытындылары бойынша декларация бойынша жеке табыс салығын төлеуді резидент емес-үй қызметкері болып табылатын еңбекші көшіп келуші осы Кодекстің 205-бабында көзделген жеке табыс салығы бойынша декларацияны табыс еткен мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, болатын жері бойынша жүзеге асырады.»;

6) 205-бап мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Осы Кодекстің 192-бабы 1-тармағының 18-1) тармақшасында көзделген табыстарды алған, резидент емес-үй қызметкерлері болып табылатын еңбекші көшіп келушілер жеке табыс салығы бойынша декларацияны есепті салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығының сомасы жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер сомасынан асып түскен жағдайда табыс етеді.

Осы Кодекстің 192-бабы 1-тармағының 18-1) тармақшасында көзделген табыстар бойынша жеке табыс салығы бойынша декларацияны резидент емес-үй қызметкерлері болып табылатын еңбекші көшіп келушілер болатын жері бойынша салық органына есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей табыс етеді.

Бұл ретте осы Кодекстің 192-бабы 1-тармағының 18-1) тармақшасында көзделген табыстарды салық кезеңі ішінде алған резидент емес-үй қызметкері болып табылатын еңбекші көшіп келуші Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шыққан жағдайда жеке табыс салығы бойынша декларация (декларациялар) осындай адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығатын күніне дейін табыс етіледі.»;

7) 4 5 7 - б а п т а :

1) тармақшаның төртінші абзацындағы «Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын репатрианттар (оралмандар)» деген сөздер «заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын оралмандар» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшаның бесінші абзацындағы, 3) тармақшаның үшінші абзацындағы және 5) тармақшаның үшінші абзацындағы «Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін репатрианттар (оралмандар)» деген сөздер «оралмандар» деген сөзбен ауыстырылсын ;

8) 542-баптың 5) тармақшасындағы «репатрианттар (оралмандар)» деген сөздер «оралмандар» деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 544-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы «репатрианттар (оралмандар)» деген сөздер «оралмандар» деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 545-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
« 3) о р а л м а н д а р ; » ;

11) 546-баптың 1) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«оралман мәртебесін алғанға дейін тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген этникалық қазақтар;»;

12) 583-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, лицензияларды, куәліктерді немесе рұқсат ету мен тіркеу сипатындағы өзге де құжаттарды беруді жүзеге асыратын уәкілетті органдар лицензиялар, куәліктер немесе рұқсат ету мен тіркеу сипатындағы өзге де құжаттар берілген (тоқтатылған) салық төлеушілер және бюджетке басқа да міндетті төлемдер алынатын (өндіріліп алынатын) объектілер туралы мәліметтерді осы Кодекстің 19-бөлімінде белгіленген тәртіп пен мерзімде және уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша өздерінің орналасқан жеріндегі салық қызметі органдарына табыс етуге міндетті.

Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беруді жүзеге асыратын ішкі істер органдары еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар берілген салық төлеушілер туралы мәліметтерді уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімде және нысандар бойынша өздерінің

орналасқан жеріндегі салық қызметі органдарына табыс етуге міндетті.».

4. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., № 52, 636-құжат; 1995 ж., № 19, 117-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 10, 101-құжат; 2004 ж., № 19, 115-құжат; № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; 2011 ж., № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат):

16-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының а з а м а т т ы ғ ы н а :

1) Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде кемінде төрт жыл тұрақты тұратын не Қазақстан Республикасының азаматтарымен кемінде үш жыл не ке де т ұ р ғ а н о р а л м а н д а р ;

2) тұрған мерзіміне қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде тұрақты тұратын, өздерінің ерік қалауынан тыс азаматтығынан айырылған немесе азаматтығын жоғалтқан жаппай саяси қуғын-сүргіннің ақталған құрбандары, сондай-ақ олардың ұрпақтары қабылдануы мүмкін.».

5. «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 9-10, 68-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; 2001 ж., № 8, 50, 54-құжаттар; № 21-22, 285-құжат; 2006 ж., № 5-6, 31-құжат; 2007 ж., № 3, 23-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 122-құжат; 2011 ж., № 16, 128-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 5 1 - қ ұ ж а т) :

1) 4-баптың екінші бөлігі «Оралмандарды» деген сөзден кейін «қоныстандыру үшін Үкімет айқындаған өңірлерге келген этникалық қазақтарды » деген сөздермен толықтырылсын;

2) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«22-бап. Қазақстан Республикасына келу

Егер Қазақстан Республикасының тиісті тараппен келісімінде өзгеше тәртіп белгіленбесе немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі өзгеше тәртіп белгілемесе, шетелдіктер жарамды шетелдік паспорттар немесе оны алмастыратын құжаттар бойынша Қазақстан Республикасының келу визалары болған кезде Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н а к е л е а л а д ы .

Шетелдіктің Қазақстан Республикасына келуіне:

1) ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіп пен халықтың денсаулығын қорғауды қ а м т а м а с ы з е т у м ү д д е с і ү ш і н ;

2) егер оның іс-әрекеті конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталса;

3) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шықса,

оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

4) егер ол ұлтаралық және діни араздықты тудырса;

5) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

6) егер ол террористік немесе экстремистік ұйымдарға тиесілі болса, террористік немесе экстремистік іс-әрекеті үшін сотталған болса не оның іс-әрекетін сот аса қауіпті

р е ц и д и в д е п т а н ы с а ;

7) егер ол Қазақстан Республикасында алдыңғы болған кезеңде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін өзіне қолданылған жазаны өтемеген болса;

8) егер жеке табыс салығы бойынша декларацияны табыс ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасында алдыңғы болған кезеңде ол мұндай декларацияны табыс етпесе;

9) егер ол, этникалық қазақтарды, Қазақстан Республикасында немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында болған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасында болу және одан кету үшін қажетті қаражатының бар екендігі туралы растауды ұсынбаса;

10) егер ол келу туралы өтінішхат жолдаған кезде өзі жөнінде жалған мәліметтер хабарлаған болса немесе қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде табыс етпесе;

11) онда Қазақстан Республикасына келу үшін қарсы айғақтар болып табылатын аурулары болған кезде тыйым салынады.

Бұрын Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілген шетелдіктерге шығарып жіберу туралы шешім шығарылған күннен бастап бес жыл бойы Қазақстан Республикасына келуге тыйым салынады.

Қабылдаушы тұлғалардың шетелдіктерді Қазақстан Республикасына шақыру туралы өтініштері, егер мұндай өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде қабылдаушы тұлғалар көшіп келушілерді уақтылы тіркеу, олардың Қазақстан Республикасында болу, ел аумағында жүріп-тұру құқығына құжаттарды ресімдеу және болудың белгілі бір мерзімі өткеннен кейін Қазақстан Республикасынан кетуін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдамағаны үшін жауапкершілікке тартылса, қаралмайды.

Қазақстан Республикасына келу кезінде шетелдіктерге Қазақстан Республикасының Үкіметі көздеген тәртіппен көші-қон карточкалары беріледі.

Келу визаларын немесе оларға сәйкес келетін басқа да құжаттарды Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері және консулдық мекемелері немесе жекелеген жағдайларда бұған арнайы уәкілдік берілген Қазақстан Республикасының ө к і л д е р і б е р е д і .

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, қабылдаушы тұлғалардың шақырулары немесе Қазақстан Республикасының бұған

уәкілеттік берілген мемлекеттік органдарының рұқсаты виза беру үшін негіз болып
т а б ы л а д ы . » ;

3) 23-баптың бірінші бөлігі «өзгеше тәртіп белгіленбесе» деген сөздерден кейін «
немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі өзгеше тәртіп белгілемесе» деген
с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

6. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21
желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы
Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18,
225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 3,
920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат;
№ 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат;
2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-
құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж.,
№ 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., №
5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-
құжаттар; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; №
4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар
; № 2, 8-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 75-құжат; № 16, 83-құжат):

5-1-баптың 1-тармағының 36) тармақшасындағы «көшіп кету мен көшіп келу
саласындағы заңдарының» деген сөздер «халықтың көші-қоны саласындағы
заңнамасының» деген сөздермен ауыстырылсын.

7. «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан
Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж.,
№ 16, 127-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9,
5 1 - қ ұ ж а т) :

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 4-1) және 10-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) еңбекші көшіп келушіге рұқсат – жұмыс беруші жеке тұлғалардың үй
шаруашылығында жұмыстар орындау (қызметтер көрсету) үшін ішкі істер органдары
еңбекші көшіп келушіге беретін, белгіленген нысандағы құжат;»;

«10-1) қабылдаушы тұлға – шетелдіктерді Қазақстан Республикасына уақытша тұру
үшін шақыру туралы және (немесе) оларды тіркеу туралы өтініш жасайтын, Қазақстан
Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік
және азаматтығы жоқ адам немесе Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлға;»
;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) оралман – тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан
Республикасына келген және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын

өңірлерге қоныстандырылатын және осы Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары;»;

16) тармақша алып тасталсын;

17) және 19) тармақшалардағы «халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган» деген сөздер «ішкі істер органдары» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) оралмандарды қоныстандыру үшін өңірлерді айқындайды;»;

3) 9-бап мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

«16-1) еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар береді және оларды кері қайтарып алады;

» ;

4) 10-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) оралман мәртебесін беру туралы өтініш берген этникалық қазақтарды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған оралмандарды қоныстандыру өңірлері туралы хабардар етеді, Қазақстан Республикасына келу туралы өтініш берген көшіп келушілердің құжаттарын қабылдап, тіркейді, оларды ұлттық қауіпсіздік органына жібереді, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін келуге визалар ресімдейді;»;

5) 11 - б а п т а :

4) тармақшадағы «оралмандардың көшіп келу,» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне оралмандарды қоныстандыру үшін өңірлерді айқындау туралы ұсыныстар енгізеді;»;

5) тармақшадағы «оралмандардың көшіп келу, ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квоталарын және шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квоталарды» деген сөздер «ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квоталарын және шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квоталарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«15-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары :

1) өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады ;

2) оралмандар мен көшіп келушілердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық көмек алуын қамтамасыз етеді;

3) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға еңбек ресурстарының қажеттілігін ескере отырып, ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға шетелдік жұмыс

күшін тартуға арналған квотаны қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

5) еңбекші көшіп-қонушыларды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасының азаматтарынан қоныс аударушы мәртебесін беруге және ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасына енгізуге қажетті құжаттарымен қоса берген өтінішті қабылдайды;

7) қоныс аударушы мәртебесін беру, ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасына енгізу және ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасына енгізілген қоныс аударушыларға біржолғы жәрдемақылар төлеуді тағайындау туралы шешімдер қабылдайды;

8) қоныс аударушы куәліктерін береді;

9) оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарының, уақытша орналастыру орталықтарының қызметін ұйымдастырады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көшіп-қонушылардың балаларының білім алу құқығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

11) жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды береді, сондай-ақ көрсетілген рұқсаттарды тоқтата тұрады және қайтарып алады;

12) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын шетелдік қызметкерлерге халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жұмысқа орналасуға рұқсаттарды береді, сондай-ақ көрсетілген рұқсаттарды тоқтата тұрады және қайтарып алады;

13) бизнес-көшіп келушілердің уақытша тұруға арналған рұқсаттарының қолданылу мерзімін ұзартуға немесе қысқартуға өтініш хат береді;

14) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары :

1) өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес халықтың нысаналы топтарына жататын оралмандарға жұмысқа орналасуға, кәсіптік даярлықтан өтуге, қайта даярлаудан өтуге және біліктілігін арттыруға жәрдем көрсетеді;

3) көшіп-қонушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектептерден, мектепке дейінгі ұйымдардан, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік мекемелерден орын береді;

4) оралмандарға қазақ тілін және өздерінің қалауы бойынша орыс тілін үйрену үшін
ж а ғ д а й ж а с а й д ы ;

5) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының
заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге
а с ы р а д ы .

3. Оралмандарды қоныстандыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі
айқындаған өңірлерде осы баптың 1 және 2-тармақтарында айқындалған құзыреттен
басқа, жергілікті атқарушы органдар:

1) оралмандарды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады;

2) этникалық қазақтардан оралман мәртебесін беру туралы қажетті құжаттарымен
қоса берген өтінішті қабылдайды;

3) оралман мәртебесін беру туралы шешім қабылдайды;

4) оралман куәліктерін береді;

5) оралмандарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет
қаражаты есебінен әлеуметтік көмек көрсетеді;

6) оралмандарға жеке қосалқы шаруашылығын жүргізу, бағбандықпен айналысу
және саяжай құрылысын, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығын және тауарлы
ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының жер
заңнамасына сәйкес жер учаскелерін береді.»;

7) 16 және 17-баптар алып тасталсын;

8) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Оралман мәртебесін беруге өтініш берудің тәртібі

1. Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген және Қазақстан
Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алған этникалық қазақтар осы Заңның 15-
бабының 3-тармағында көрсетілген жергілікті атқарушы органдарға оралман
мәртебесін беру туралы өтініш береді.

2. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұратын этникалық қазақтар
Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне оралман мәртебесін беру туралы
өтініш береді.

3. Оралман мәртебесін беру осы Заңның 20 және 21-баптарына сәйкес жүргізіледі.

4. Өтініште Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын барлық
отбасы мүшелері:

1) жұбайы (зайыбы);

2) өтініш берушінің және жұбайының (зайыбының) ата-аналары;

3) балалары (оның ішінде асырап алған балалары) және олардың отбасы мүшелері;

4) некеде тұрмайтын, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен
апа-сіңлілері (қарындастары) көрсетіледі.»;

9) 19-бап алып тасталсын;

10) 20 және 21-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«20-бап. Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейін бұл туралы өтініш жасаған этникалық қазақтарға оралман мәртебесін беру

1. Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері этникалық қазақтардан оралман мәртебесін беру туралы өтініштер мен құжаттарды қабылдап алады және оларды тіркеген күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

2. Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейін оралман мәртебесін беру туралы өтініш жасаған үміткердің ұлты жеке басын куәландыратын құжаттарындағы жазба негізінде белгіленеді. Мұндай жазба болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жіберілетін құжаттарға үміткердің ұлтын растайтын басқа да құжаттардың көшірмелерін қоса береді.

3. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган этникалық қазақтардың оралман мәртебесін беру туралы өтініштері мен құжаттары келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды оралман мәртебесін беру туралы шешім қабылдау үшін осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

Шешім қабылдау үшін осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген жергілікті атқарушы органдар этникалық қазақтардың өтініштері мен құжаттары келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды оралман мәртебесін беру туралы өтініш жасаған үміткерлердің Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстар немесе құқық бұзушылықтар жасағаны туралы әшкерелейтін мәліметтердің және олардың террористік немесе экстремистік ұйымдарға тиесілігі туралы өзге де ақпараттың бар не жоғы тұрғысынан тексеру үшін тиісті өңірлердің ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік, прокуратура органдарының аумақтық бөлімшелеріне жібереді.

Ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелері, ұлттық қауіпсіздік, прокуратура органдары этникалық қазақтардың өтініштері мен құжаттары тіркелген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде этникалық қазақтарға оралман мәртебесін беруге кедергі келтіретін, осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген негіздердің бар немесе жоқ екені туралы ақпаратты осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

Осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген жергілікті атқарушы органдар ақпарат келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оралман мәртебесін беру туралы өтініш берген этникалық қазақтарға оралман мәртебесін беру туралы не одан бас тартудың негізделген дәлелді себептерімен оралман мәртебесін беруден бас тарту туралы шешімді дайындайды.

4. Үміткер осы Заңның 1-бабының 13) тармақшасында белгіленген шарттарға сай

болған кезде оралман мәртебесін беру туралы шешім қабылданады.

5. Оралман мәртебесін беру туралы не одан бас тартудың негізделген дәлелді себептерімен бас тарту туралы шешім екі жұмыс күні ішінде халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұл шешімді өтініш берушіге жеткізу үшін Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне жібереді.

6. Этникалық қазақтардың оралман мәртебесін беру туралы өтінішін қараудың жалпы мерзімі халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ол келіп түскен күннен бастап үш айдан аспауға тиіс.

7. Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері оралман мәртебесін беру туралы шешімді алғаннан кейін оны бір айдың ішінде этникалық қазаққа жібереді және оның Қазақстан Республикасына қоныс аударуына жәрдем көрсетеді не оралман мәртебесін беруден бас тартылғаны туралы хабарлайды.

8. Осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген жергілікті атқарушы органдар оралман мәртебесін беру туралы өтініш берген этникалық қазақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын қоныстандыру өңірлеріне келгеннен кейін өтініш жасалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұдан бұрын қабылданған шешімді ескере отырып, өтініш беруші мен оның отбасы мүшелеріне оралман мәртебесін береді.

9. Оралмандардың және олардың отбасы мүшелерінің өздері өтініш жасаған кезден бастап он жұмыс күні ішінде тұрақты тұруға рұқсат алуға, тұратын жері бойынша тіркелуге және оралман куәлігін алуға құқығы бар.

21-бап. Қазақстан Республикасының аумағына келген этникалық қазақтарға оралман мәртебесін беру

1. Осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасына келген және онда тұрақты тұруға рұқсат алған этникалық қазақтардың оралман мәртебесін беру туралы өтініштерін өтініштер тіркелген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қарайды және олар бойынша шешім қабылдайды.

Оралман мәртебесін беру үміткер осы Заңның 1-бабының 13) тармақшасында белгіленген шарттарға сай болған кезде жүзеге асырылады.

Оралман мәртебесін беру туралы шешім қабылданған жағдайда осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының аумағына келген этникалық қазаққа және оның отбасы мүшелеріне оралман куәлігін береді.

2. Оралман мәртебесін алуға үміткердің ұлты жеке басын куәландыратын құжаттарындағы жазбаға сәйкес расталады. Мұндай жазба болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның сұратуы бойынша үміткердің ұлтын растайтын басқа

құжаттардың көшірмелерін жібереді.»;
11) 22-бап алып тасталсын;

12) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«23-бап. Оралмандарға, этникалық қазақтарға және олардың отбасы мүшелеріне берілетін жеңілдіктер мен әлеуметтік көмектің басқа да түрлері

1. Оралмандарды қоныстандыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келетін этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу кезінде өздерінің төлем қабілеттілігін растаудан босатылады.

2. Оралман мәртебесін алған адамдар мен олардың отбасы мүшелері:

1) оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарында тегін бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетумен;

2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық көмекпен;

3) Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең жағдайда мектептерде және мектепке дейінгі ұйымдарда орындармен, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын көлемде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беретін оқу ұйымдарына оқуға түсуге бөлінген квотаға сәйкес білім алу мүмкіндігімен;

4) Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең жағдайда әлеуметтік қорғалумен;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесумен қамтамасыз етіледі.

3. Оралмандарға жеке қосалқы шаруашылығын жүргізу, бағбандықпен айналысу, саяжай құрылысы үшін Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес ауылдық елді мекендердің жерлерінен, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден, иммиграциялық жер қорынан, арнайы жер қорынан және босалқы жерлерден уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен жер учаскелері беріледі.

Оралмандарға шаруа немесе фермер қожалығын және тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден, арнайы жер қорынан, иммиграциялық жер қорынан және босалқы жерден уақытша жер пайдалану құқығымен жер учаскелері беріледі.

4. Осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген жергілікті атқарушы органдар оралмандар мен олардың отбасы мүшелеріне тұрақты тұрғылықты жеріне жол жүру және мүлкін тасымалдау шығындарын қамтитын біржолғы жәрдемақыларды белгілей алады.

5. Оралмандарды қоныстандыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келген оралмандар мен олардың отбасы мүшелеріне, осы баптың

1, 2 және 3-тармақтарында көзделген жеңілдіктерден және әлеуметтік көмектің өзге де түрлерінен басқа, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен тұрғын үй салуға, оны қалпына келтіруге немесе сатып алуға жеңілдікті кредиттік қарыз ұ с ы н ы л а д ы .

6. Осы баптың 5-тармағында көрсетілген оралмандар:

1) Қазақстан Республикасында тұрған алғашқы бес жылдың ішінде оралман мәртебесін алған кезде қоныстандыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірден тыс жерлерге өзінің ерік қалауымен өз бетінше ішкі көшіп-қонған;

2) Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен жағдайларда тұрғын үй салу, оны қалпына келтіру немесе сатып алу үшін өздері алған жеңілдікті кредиттік қарызды мерзімінен бұрын толық көлемде өтеуге міндетті.»;

13) 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Оралмандарды қоныстандыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерде этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін алғашқы қоныстандыру олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарында халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімге жүзеге асырылады.»;

14) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«25-бап. Оралман мәртебесінің тоқтатылуы

О р а л м а н м ә р т е б е с і :

1) оралман Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін;

2) осы Заңның 49-бабында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттың күші жойылған жағдайда;

3) егер ол Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш бермеген болса, оралман мәртебесін алған күннен бастап жеті жыл өткен соң;

4) Қазақстан Республикасында тұрған алғашқы бес жылдың ішінде оралман мәртебесін алған кезде қоныстану үшін белгіленген өңірден тыс жерге оралман өзінің ерік қалауымен өз бетінше ішкі көшіп-қонған жағдайда тоқтатылады.»;

15) 26-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы «және (немесе) оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу» деген сөздер алып тасталсын;

16) 34-баптың 3) тармақшасындағы «көшіп келушілер.» деген сөздер «көшіп келушілер;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«4) еңбекші көшіп келушілер – еңбекші көшіп келушіге берілген рұқсаттың негізінде жұмыс беруші жеке тұлғалардың үй шаруашылығында жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) мақсатында Қазақстан Республикасына үй қызметкері ретінде к е л г е н к ө ш і п к е л у ш і л е р . » ;

17) мынадай мазмұндағы 43-1 және 43-2-баптармен толықтырылсын:

«43-1-бап. Еңбекші көшіп келушілердің келу және болу шарттары

Еңбекші көшіп келушілердің мынадай талаптарға сай келуі:

- 1) Қазақстан Республикасында кемінде үш ай мерзімде визасыз болу мүмкіндігін көздейтін визасыз келу және болу тәртібі туралы Қазақстан Республикасы келісім жасасқан елдердің азаматтары болып табылуы;
- 2) кәмелеттік жаста болуы;
- 3) еңбекші көшіп келушіге берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының аумағынан кету үшін қажетті өзінің төлем қабілеттілігінің растамасын ұсынуы;
- 4) соттылығының бар не жоқ екендігінің растамасын ұсынуы;
- 5) таңдаған мамандығы бойынша еңбек қызметіне кедергі болатын ауруларының жоқ екендігін растайтын медициналық анықтамасын ұсынуы;
- 6) медициналық сақтандыруының болуы тиіс.

2. Еңбекші көшіп келушілерге уақытша тұруға арналған рұқсатты ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен береді және еңбекші көшіп келушіге берілген рұқсаттың қолданылу мерзіміне ұзартады.

Еңбекші көшіп келушінің Қазақстан Республикасында үзіліссіз уақытша тұруының ең ұзақ мерзімі он екі айдан аспауға тиіс.

43-2-бап. Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру тәртібі

1. Рұқсат беру туралы өтініште көрсетілген мерзімге еңбекші көшіп келушіге рұқсат беріледі және ол бір, екі немесе үш айды құрауы мүмкін.

Еңбекші көшіп келушіге рұқсат берудің ең ұзақ мерзімі он екі айдан аспауға тиіс.

Еңбекші көшіп келушіге жаңа рұқсат алдыңғы рұқсаттың мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде күнтізбелік отыз күн өткен соң беріледі.

Еңбекші көшіп келушіге рұқсат оның Қазақстан Республикасының аумағында болуының заңдылығын, сондай-ақ рұқсат алуға берілген өтініште көрсетілген кезеңге жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемнің төленгенін растайтын құжаттар ұсынылған кезде беріледі.

Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру кезінде еңбекші көшіп келушілерді тіркеу, дакто-, фото есепке алуды қалыптастыру жүргізіледі.

2. Еңбекші көшіп келушінің өтініші бойынша еңбекші көшіп келушіге рұқсат өтініште көрсетілген мерзімге бірнеше рет ұзартылады және ол бір, екі немесе үш айды құрауы мүмкін.

Еңбекші көшіп келушіге рұқсат алдыңғы кезеңде жұмыс беруші жеке тұлғалардың үй шаруашылығында жұмыстарды орындағанын (қызметтер көрсеткенін), сондай-ақ еңбекші көшіп келушіге берілген рұқсат ұзартылатын кезеңге жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемнің төленгенін растайтын құжаттар ұсынылған кезде ұзартылады.

3. Еңбекші көшіп келушіге рұқсатты беру, ұзарту және кері қайтарып алу тәртібін, сондай-ақ еңбекші көшіп келушілерді тіркеу, дакто-, фото есепке алуды қалыптастыру және жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі айқындайды.

4. Еңбекші көшіп келушіге берілген рұқсат көшіп келушінің жұмыс беруші жеке тұлғалардың үй шаруашылығында жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) бойынша еңбек шартын жасасуы үшін негіз болып табылады.

5. Бір жұмыс беруші жеке тұлғаның бір мезгілде бестен көп еңбекші көшіп келушімен үй шаруашылығында жұмыстар орындау (қызметтер көрсету) бойынша еңбек шарттарын жасасуына жол берілмейді.

6. Еңбекші көшіп келушіге рұқсат еңбекші көшіп келушіге ол берілген әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жұмыс беруші жеке тұлғаның үй шаруашылығында жұмыстар орындауға (қызметтер көрсетуге) құқық береді.»;

18) 48-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«48-бап. Көшіп келушінің Қазақстан Республикасына келуіне рұқсат беруден бас тарту үшін негіздер

Көшіп келушінің Қазақстан Республикасына келуіне:

1) ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті және халықтың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мүддесі үшін;

2) егер оның іс-әрекеті конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталса;

3) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

4) егер ол ұлтаралық және діни араздықты тудырса;

5) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

6) егер ол террористік немесе экстремистік ұйымдарға тиесілі болса, террористік немесе экстремистік іс-әрекеті үшін сотталған болса не оның іс-әрекетін сот аса қауіпті рецидив ретінде таныса;

7) егер ол Қазақстан Республикасында алдыңғы болған кезеңде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылған жазаны өтемеген болса;

8) егер жеке табыс салығы бойынша декларацияны табыс ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасында алдыңғы болған кезеңде ол мұндай декларацияны табыс етпеген болса;

9) егер ол, этникалық қазақтарды, Қазақстан Республикасында немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында болған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасында болу және одан кету үшін қажетті қаражатының бар екендігі туралы растауды ұсынбаса;

10) егер ол келу туралы өтініш хат жолдаған кезде өзі туралы жалған мәліметтер хабарлаған болса немесе қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген мерзімде табыс етпесе;

11) онда Қазақстан Республикасына келу үшін қарсы айғақтар болып табылатын аурулары болған кезде тыйым салынады.

Бұрын Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілген көшіп келушілерге шығарып жіберу туралы шешім шығарылған күннен бастап бес жыл бойы Қазақстан Республикасына келуге тыйым салынады.

Қабылдаушы тұлғалардың көшіп келушілерді Қазақстан Республикасына шақыру туралы өтініштері, егер мұндай өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде қабылдаушы тұлғалар көшіп келушілерді уақтылы тіркеу, олардың Қазақстан Республикасында болуы, ел аумағында жүріп-тұру құқығына құжаттарды ресімдеу және болудың белгілі бір мерзімі өткеннен кейін Қазақстан Республикасынан кетуін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдамағаны үшін жауапкершілікке тартылса, қаралмайды.»;

19) 49-баптың бірінші бөлігінде:

4) тармақшадағы «оралмандарды немесе» деген сөздер «оралмандарды қоныстандыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келген этникалық қазақтарды,» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруға рұқсат алған және тұрақты тұруға рұқсат берілген күннен бастап ретімен келетін кез келген он екі айлық кезең шегінде күнтізбелік бір жүз сексен үш күннен аз тұрып жатқан;»;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) Қазақстан Республикасында тұрған алғашқы бес жылдың ішінде оралман мәртебесін алған кезде қоныстандыру үшін белгіленген өңірден тыс жерлерге оралман өзінің ерік қалауымен өз бетінше ішкі көшіп-қонған жағдайда;».

8. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 11-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат):

12-баптың 3-тармағының 22) тармақшасындағы «жүзеге асыруға байланысты бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға қолданылмайды.» деген сөздер «жүзеге асыруға;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

«23) халықтың көші-қоны саласындағы заңнама талаптарының сақталуына байланысты бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға қолданылмайды.».

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару органдары арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 9 , 5 1 - қ ұ ж а т) :

1) 1-баптың 50-тармағы 10) тармақшасының он бірінші абзацы алып тасталсын;
2) 2-баптағы «2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 50-тармағы 10) тармақшасының он бірінші абзацын және 22) тармақшасын қоспағанда» деген сөздер «2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 50-тармағы 22) тармақшасын қоспағанда» деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 7-тармағы 6) тармақшасының оныншы абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті Н.Назарбаев